

Г. Қортабаева<sup>1\*</sup>, Е. Тұрсын<sup>2</sup>, О. Сапашев<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>№ 221 жалпы білім беретін мектеп, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup>Стамбул университеті, Стамбул, Түркия

\*e-mail: turki\_alemi@mail.ru

## ТҮРКІ ИДИОМАЛАРЫНДАҒЫ ТЕОНИМДЕРДІҢ ДІНИ-МӘДЕНИ КОДТАРЫ

Түркі халықтарының діни тарихы сан қырлы және күрделі. Көне дәуір қалыптасқан дүниетанымы, наным-сенімдері мен мәдениеті өзара тығыз байланыста дамып, ортақ рухани кеңістік түзгені тарихтан белгілі. Қоғамда әлі күнге дейін сақталып келе жатқан тәңірлікшілдіктің тарихы, рөлі мен маңызын зерттеу – қазіргі заманғы теолингвистика үшін өзекті міндет. Мақалада түркі халықтарының Тәңірі, Құдай, Алла, Бурхан, Айыы сияқты теонимдерін салыстырмалы талдау арқылы олардың діни концептуалдық ерекшеліктерін ашу мақсаты қойылды. Зерттеу материалы ретінде алынған идиомаларда Тәңір, Құдай, Алла, Бурхан, Айыы теонимдерінің қолданылу жиілігі мен семантикалық өрісі әртүрлі болғанымен, олардың барлығы түркі халықтарының діни санасының тарихи даму кезеңдерін бейнелейді. Тәңір теонимі негізінен көне түркілік дүниетаныммен, аспан мен табиғат культімен байланысты болғандықтан, әлі күнге дейін қазақ әдебиетінде кездеседі. Құдай мен Алла теонимдері ислам дінінің ықпалымен қалыптасқан діни концепцияларды көрсетеді. Бұл құбылыс түркі тілдеріндегі идиомалардың діни синкретизмге негізделгенін дәлелдейді. Ғылыми мәні – түркі халықтарының рухани дәстүрлерін терең түсіну және олардың тарихи эволюциясын анықтау, ал практикалық мәні – ұлттық мәдениетті сақтау, рухани мұраны қазіргі заманға бейімдеу, білім беру бағдарламаларын толықтыру және мәдени туризмді дамытуда әсер ету. Мақала тарихи-танымдық, салыстырмалы-типологиялық және лингвистикалық әдістерге негізделіп, тілдік идиомалар, халық ауыз әдебиеті және этнографиялық мәліметтер арқылы жүзеге асырылды. Нәтижесінде көне түркі сенімдерінің политеистік негіздері кейінгі кезеңдерде синкретті сипатқа ие болып, олардың көптеген белгілері тілдік және мәдени контексте сақталғаны анықталды. Зерттеу этнографиялық, тарихи және лингвистикалық білім саласына жаңа ақпарат қосып, ұлттық мәдениеттің дамуына және рухани сананың қалыптасуына үлес қосады.

**Түйін сөздер:** әлемдік діндер, түркі тілдері, теолингвистика, құдайлар пантеоны, политеизм

G. Kortabayeva<sup>1\*</sup>, Y. Tursyn<sup>2</sup>, O. Sapashev<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Secondary School № 221, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup>Istanbul University, Istanbul, Turkey

\*e-mail: turki\_alemi@mail.ru

### Religious and cultural codes of theonyms in turkic idioms

The religious history of the Turkic peoples is multifaceted and complex. Since ancient times, their worldview, beliefs, and culture have developed in close interconnection, forming a shared spiritual space. The study of the history, role, and significance of Tengriism, which has been preserved in society to this day, is an actual task for modern theolinguistics. The article aims to reveal the conceptual religious features of the theonyms Tengri, Qudai, Allah, Burkhan, and Aiyu through a comparative analysis. Although the frequency of use and semantic fields of these theonyms in the analyzed idioms differ, all of them reflect the historical stages of the development of the religious consciousness of the Turkic peoples. The theonym Tengri is mainly associated with the ancient Turkic worldview and the cult of the sky and nature, and it is still found in Kazakh literature today. The theonyms Qudai and Allah reflect religious concepts formed under the influence of Islam. This phenomenon demonstrates that idioms in Turkic languages are based on religious syncretism. The scientific significance of the study lies in a deeper understanding of the spiritual traditions of the Turkic peoples and in identifying their historical evolution, while its practical significance includes the preservation of national culture, adaptation of spiritual heritage to modern conditions, enrichment of educational programs, and contribution to the development of cultural tourism. The study is based on historical-cognitive, comparative-typological, and linguistic methods and is carried out through the analysis of linguistic idioms, oral folklore, and ethnographic data. As a result, it is determined that the polytheistic foundations of ancient Turkic beliefs later acquired a

syncretic character, and many of their features have been preserved in linguistic and cultural contexts. The research contributes new insights to the fields of ethnography, history, and linguistics, and supports the development of national culture and spiritual consciousness.

**Keywords:** world religions, Turkic languages, theo-linguistics, pantheon of Gods, polytheism

Г. Қортабаева<sup>1\*</sup>, Е. Турсын<sup>2</sup>, О. Сапашев<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Общеобразовательная школа № 221, Алматы, Казахстан

<sup>3</sup>Стамбульский университет, Стамбул, Турция

\*e-mail: turki\_alemi@mail.ru

### Религиозно-культурные коды теонимов в тюркских идиомах

История религии тюркских народов характеризуется как многогранный и комплексный феномен. Известно, что их мировоззрение, верования и культура, сформировавшиеся в древние времена, развивались во взаимосвязи, создавая общую духовную среду. Исследование истории, роли и значения тенгрианства, сохраняющегося в обществе до настоящего времени, является актуальной задачей современной теолингвистики. В статье поставлена цель раскрыть религиозно-концептуальные особенности теонимов Тенгри, Кудай, Алла, Бурхан, Айыы у тюркских народов посредством сравнительного анализа. В качестве исследовательского материала были использованы идиомы, в которых эти теонимы встречаются с различной частотой и семантическим полем, отражая исторические этапы формирования религиозного сознания тюркских народов. Теоним Тенгри преимущественно связан с древнетюркским мировоззрением и культом неба и природы, поэтому до сих пор встречается в казахской литературе. Теонимы Кудай и Алла демонстрируют влияние ислама и формируют соответствующие религиозные концепции. Этот факт подтверждает, что идиомы тюркских языков основаны на религиозном синкретизме. Научная значимость исследования заключается в глубоком понимании духовных традиций тюркских народов и определении их исторической эволюции, практическая – в сохранении национальной культуры, адаптации духовного наследия к современности, обогащении образовательных программ и развитии культурного туризма. Статья основана на историко-познавательных, сравнительно-типологических и лингвистических методах с использованием языковых идиом, устного народного творчества и этнографических материалов. В результате политеистические основы древних верований приобрели синкретический характер, многие их признаки сохранились в языковом и культурном контексте, что вносит вклад в этнографическую, историческую и лингвистическую науку, а также способствует развитию национальной культуры и духовного сознания.

**Ключевые слова:** мировые религии, тюркские языки, теолингвистика, пантеон богов, политеизм

### Кіріспе

Қазіргі кезеңде түркі халықтарының дәстүрлі наным-сенімдерін зерттеу дінтану, теолингвистика салалары үшін маңызды. Олар – тек өткеннің мұрасы ғана емес, қазіргі түркі болмысының негізін түсінудің кілті, діни кодты ашу құралы. Жаһандану дәуірінде гуманитарлық ғылымдарда адам санасы, дін адамның рухани болмысын айқындайтын негізгі құндылықтық жүйелердің бірі ретінде қарастырылады. Дін адамзат өркениетінің, адам баласының әлемді алғашқы сакралды таным шеңберінде қабылдап, болмысты мифтік әрі діни түсініктер арқылы ұғынып, діни модельдердің қалыптасуына негіз болды.

Діни ошақтардан алшақтық, діни мәтіндердің жеткіліксіздігі секілді факторлар әр халықтың өзіндік діни танымының қалыптасуына әсер етеді. Аталған ерекшеліктерді идиомалар арқылы анықтауға болады. Бұл лексикалық бірліктер-

де түркі тілдес халықтың діни концепцияларды түсіну, қабылдау ерекшеліктері көрініс табады.

Буддизм, зороастризм, манихейзм діндеріндегі құдай аттары, шаманизмді ұстанатын алтай, Сібірдегі түркі тектес халықтардың идиомаларында жақсы сақталып қалған. Түркі тілдес халықтар тәңірлік немесе шамандық, бірсыпырасы будда, манихей, христиан дінін ұстанса, тағы бір халықтар зороастра элементтерін өзара тоғыстырып, түркі дүниетанымының діни ахуалын қалыптастырды.

### Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Жазба деректерде шамамен б. д. V ғасырларынан бастап түркі қоғамында көптеген діни ағымдар пайда бола бастады. Жібек Жолының дамуы көшпелі түркі тайпаларының діни ахуалына айтарлықтай әсер етті. Тарихшы-дінта-

нушылар Орталық Азиядағы көшпелі тайпалар дінін екі бағытта дамығандығын жазады. Біріншісі – фольклорлық дін болса, екіншісі үстем тап өкілдері ұстанған әлемдік (империялық) діндер. Халықтық діндердің наным-сенім жүйесі тұрақсыз, ретсіз, ал империялық діндер барынша жүйеленген болды (Bosworth & Asimov 1998).

Сол тұста таралған ағымдар уақыт өте келе түркілік дүниетанымда өз іздерін қалдырып отырды. Ол діндердің барлығын бірдей түркі жұрты қабылдай бермеген. Мысалы будда ілімінің адамды нәзіктікке тәрбиелейтін қағидалары, мани дініндегі ет жеуге тыйым салу секілді табуларға көшпелілер табиғатына үндеспейтіндіктен ел ішіндегі дана басшылар қарсы болған.

Мақала авторлары түркі тілдеріндегі идиомалар арқылы діни-рухани танымның айырым белгілерін анықтауға, оларға сипаттама беруге тырысты. Идиомалардың құрамындағы теонимдерді талдау арқылы халықтың діни түсініктерін, ондағы құдайдың бейнесі туралы білімдерін интерпретациялауға болады.

Әдетте идиомалардың ішкі формасы мәдени-маркерленген компоненттерден тұрады. Фразеологизмдердегі мәдени білімдерді оның ішкі формасында жатқан бейнені тілдің мәдени, ұлттық кеңістігінде интерпретациялау арқылы айқындалады (Dobrovolski & Piirainen, 2010).

Зерттеудің мақсаты – дінді рухани мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырып, халықтық танымда сақталған идиомаларды дереккөз ретінде негізге ала отырып, қазіргі түркі халықтарының діни ұстанымдарының мәдени кеңістіктегі көрінісін анықтау

### Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақалада теонимдерге байланысты халық санасында сақталған, қалыптасқан идиомалар дереккөздер, тілдік бірліктер діни танымның, рухани құндылықтар жүйесінің көрінісі ретінде қарастырылды. Зерттеудің әдіснамалық негізі дінтану және теолингвистика сияқты зерттеулердің қағидаларына сүйенеді. Тіл мен діни ойлау жүйесі, діни тәжірибе арасындағы өзара байланысты зерттейтін сала – теолингвистика (David, 2008).

Жалпы діни идиомаларда кодталған этномәдени ақпаратты дешифрлеудің әдіснамалық негіздері, діни кодтардың теориялық негіздері М.Қашғари, К.Леви-Стросс, М. Элиаде, Е.Мелетинский, Дж. Фрэнгер, Ш.Уәлиханов, Ю.М.Лотман, Н.Б. Мечковская, В.В. Красных, Қ.Жұбанов, Н.Уәли, Б. Сағындықұлы, А.Сағалаев, М.Ескеева, Ж.Жақыпов т.б. ғалымдардың ғылыми тұжырымдары негізге алынды.

Зерттеу барысында жинақталған материалдарға сипаттамалы әдіс қолданылып, идиомаларда көрініс тапқан діни түсініктердің мазмұны мен мәні айқындалды. Идиомалық материалдарды жинақтауда І.Кеңесбаев, Ш.Рахматуллаев, Н.Махмудов, З.Холманова, И.Оразова, З.Уракин, М.Чернов, Л.Сергеев, А.Курсеитов, Ш.Ачкинази, М.Акъбайланы, З.Жарашуев, Ж.Осмонова, Д.Шихмурзаев, Я.Хертек, Л.Нелунов, С.Алтайлы сынды зерттеушілердің идиомалық сөздіктері пайдаланылды. Семантикалық талдау арқылы діни ұғымдардың халықтық дүниетанымдағы орны мен мағыналық жүктемесі анықталды. Компоненттік талдау әдісі идиома құрамындағы діни атаулардың адам санасындағы діни ұғымдармен, моральдық бағдарлармен және рухани тәжірибемен байланысын ашуға мүмкіндік берді.

### Негізгі бөлім

Тәңір/Көк Tengri – аспанмен, ғарышпен және жоғарғы билікпен байланысты ұлы космологиялық күш ретінде қабылданады. Түркілердегі Тәңір – жаратушыдан гөрі әлемдік үйлесімді сақтаушы, тағдырды белгілейтін әмбебап рухани бастау. Көне түркі руникалық жазбаларында Тәңірдің қаған билігінің заңдылығын бекітуші күш ретінде көрінуі – бұл сенімнің саяси-әлеуметтік маңызын айқын көрсетеді. Түркілердің дәстүрлі наным-сенімдерінің негізінде тәңіршілдік дүниетанымы жатыр. Осы тұрғыдан алғанда, Тәңіршілдік тек діни жүйе емес, мемлекет құрушы идеологиясының да негізі болды.

Тәңіршілдікте әлем үш негізгі деңгейге, жоғарғы әлем – аспан, Тәңір, рухтар мекені; орта әлем – адамдар өмір сүретін жер беті; төменгі әлем – қараңғы рухтар әлемі деп бөлінеді. Бұл модель кейінгі түркі мифологиясында, эпостарда және фольклорда, тұрақты тіркес, алғыс-қарғыс сөздер ретінде сақталған.

Түркілердің Ашина туралы көне аңыздарында Тәңір Көк аспан құдайы дүшпандары батпаққа тастап кеткен жаралы баланың үстінен қарға бейнесінде ұшып өтіп, оны құтқару үшін қасқыр ананы жібереді (Сапашев, 2020).

Тәңір теонимі қазақ тілінде – Тәңір, қырғыз – Теңири, алтай – Тенгери, ноғай – Танъири, қырым татар – Танъры, саха – Таңара, чуваш – Турă/Тур және қарашай-малқар тілінде – Тейри болып айтылады.

Теоним пратүрік тіліндегі теңгі/таңгі сөзінен дамыған. Этимолог ғалымдардың тұжырымдауынша, теонимнің түбірі – пратүрік тіліндегі тең етістігі. Етістіктен тең-іг (аспан) зат есімі

туындаған, сөз тең (көтерілу) етістігі мен есімшенің -іг жұрнағының жалғануымен жасалған (Дыбо, 2007).

Тәңір атауы аспан мағынасында ортағасырлық түркі жазба ескерткіштер лексикасында да кездеседі, Тойок қолжазбасында (IX ғ.) Тенри сөзі аспан мағынасында жұмсалған (Шарапатұлы, 2011).

М. Қашқари «Диуан лұғат ат-Түрік» сөздігінде: «Құдай ұрғыр кәпірлер аспанды Тәңірі дейді» деген дерек келтіреді (Қашқари, 2017, 489 б.).

Тәңір мен аспан туралы қазақ тіліндегі *көкпен сұрағаны жерден табылды, көкке бақты, көкке қарады, күлі көкке ұшты, көк көріне ұшырау* секілді идиомаларда көк сөзі Құдай, Көк тәңірі мағыналарында қолданылған.

Көктегі құдайлар пантеоны туралы түсініктер түркі, угор, моңғол секілді халықтардың діни танымында болған. Аспандық құдайдың жеті немесе тоғыз ұлы туралы түсінік Орталық және Солтүстік Азияда, угор халықтары мен түркілер арасында кең таралған. Вогулдар Құдайдың жеті Ұлын біледі, ал васюгандық остяктар жеті қабатты мекендейтін жеті Құдай туралы айтады: олардың ең жоғарғысында Нум-Торем орналасқан, ал қалған құдайлар «Аспан сақшылары» (Togem-karevel) немесе «Аспанның тілмаштары» деп аталады. Якут-

тарда да жеті Жоғарғы Құдайдан тұратын топ туралы ұғым бар (Mircea, 2004).


Белгілі жиһанкез Ибн Фадлан башқұрттардың 12 құдайға табынатындығы, олардың ішіндегі ең ұлысы Көк Тәңірі деп көрсетеді. Ф. Хисамитдинова көне түркі ескерткіштері негізінде Күк тәңре, Ай тәңре, Йәшен тәңре, Ел тәңре, Көн тәңре, Кот тәңре теонимдерін атап көрсетеді (Хисамитдинова, 2019).

XI ғ. түркі тайпаларының түрлі тәңірлерге табынғандығы туралы М. Қашқари жазады: «Ол өздеріне зор, үлкен көрінген нәрсенің бәрін мәселен, биік тау, биік ағаштарды да Тәңірі дейді. Өйткені сондай нәрселерге табынады» (Қашқари, 2017, 89 б.).

Көк тәңірінен басқа жер құдайының болғандығын хакас тіліндегі Чир Худайы де растайды. Қарашай-малқар фольклорында Суу Тейриси, Жер Тейриси, Кюн Тейриси, Көк Тейриси, От Тейриси секілді теонимдер де түркі пантеонында әр стихияның өз тәңірі болған деген тұжырымды растайды. Бұл, байырғы түркілердің діни танымында политеистік түсініктердің болғандығынан хабар береді.

Қарашай малқар тілінде Тәңір теонимі дыбыстық өзгеріске ұшырап, Тейри түрінде дамыған. М.Ескеева мұны көне түркі тіліндегі  $\eta \approx j \approx \upsilon$ , яғни  $\eta$  дыбысының қыпшақ тілдерінде  $j$  дыбысына алмасуымен деп түсіндіреді (Ескеева, 2007).

**1-сурет**  
Түркі идиомаларындағы Тәңірдің бейнесі



Қазақ тілінде *Тәңір жарылқасын*, қырғыз тілінде *Теңир жалғасын*, қырым татар тіліндегі *Танғыры бизге кысмет этсин // Тәңірі бізге берекетсін*, қарашай-малқар тіліндегі *Тейри жарыгынын көрюю // Тәңір жарыгын көру* идиомаларынан Тәңірдің игілік беруші бейнесін көреміз.

Қарашай-малқар тіліндегі *Тейри берди бишген аш // Тәңірі берді піскен ас*, қырым татар тіліндегі *Гъарип къушнынъ ювасыны Танғыры япар // соқыр құстың ұясын Тәңірі жасап береді*, саха тіліндегі *Таңара көмөлөһүө // Тәңірі көмегімен*, чуваш тіліндегі *Тур пулайштар // Тәңір болыссын* Тәңірдің жәрдем беруші қызметін аңғарамыз.

Ноғай тіліндегі *Танғыри ман буйыртылган // Тәңірімен буйырылган*, чуваш тіліндегі *Тур пәлет // Тәңір біледі*, саха тіліндегі *Таңара билэр // Тәңір білер* Тәңірдің болашақты белгілеуші бейнесі көрінеді.

Қазақ тіліндегі *Тәңір сақтасын*, *Тәңір жар болды* Тәңірдің адамдарды бәле-жаладан сақтап, қиындықтан қорғайтын қызметі айқындалады.

Қарашай-малқар тіліндегі *Тейри жарыкъ // Тәңір жарыкъ*, *Тейри кылыч // Тәңірі қылышы*, қырым татар тіліндегі *Танғыры кылычы // Тәңірі қылышы* идиомаларында Тәңірдің табиғат құбылыстарын басқару қызметін көреміз.

Түркі идиомаларында Тәңірдің жазалаушы функциясы да бар. Әсіресе қарғыс сөздерде Тәңірдің жиі кездесетін сөз «үру» етістігімен байланысты. Мысалы, қырғыз тілінде *Теңир урсун // Тәңір ұрсын*, қарашай-малқар тілінде *Тейри урургъа // Тәңір ұрсын*, қырым татар тілінде *Танғыры сизни урсун // Тәңірі сізді ұрсын* қырымшақ тілінде *Къадыр танғыры йаман этти // Күдіретті тәңірі жаман этті*, алтай тілінде *Көк теңери сени теп* қарғыс сөзі кездеседі. Қазақ тілінде *Тәңір атқан*, *Көкірегіңді тәңір бассын*, *Тәңірден тап*, *Тіліңді тәңір кессін* т.б. бірліктер бар. Саха тіліндегі *Таңара атабастаабыт // Тәңір ренжітті*, *Таңара накааһа // Тәңірі азабы* идиомаларын орыс тіліндегі *бог обидел*, *божье наказание* тұрақты тіркестерінің калькасы екені анық.

Қазақ тіліндегі *Тәңір алғыр*, қырым татар тіліндегі *Танғырынынъ узурна кетмек // Тәңірінің дәргейіне кету*, *Таңара харайбыт // Тәңірі алды* идиомаларында Тәңірдің өмір беруші қызметі айқындалады.

Алтай тіліндегі *Тенгериниң жаргызы алдында // Тәңірінің соты алдында* идиомасында Тәңір-

дің үкім шығарушы қызметі көрінеді. Тәңір соты ұғымы өзге түркі идиомаларында кездеспейді. Алтай тіліндегі бұл идиома православ дініндегі «судный день» ұғымымен байланыста қалыптасқан. Мұндай эсхатологиялық ұғымдар түркі діни танымына ыбырайымдық (аврамдық) діндерден ауысқан болу керек.

«Құдай» теонимі түркі тілдерінде ислам дінінің таралауымен байланысты орнықты деуге болады. Ислам дінінің таралуымен Тәңір сөзін алмастырғаны туралы Ш.Уәлиханов «Следы шаманства у киргизов» мақаласында: «Онгон стали называть арвахом, Кук Тэнгри – Аллахом или Худаем, дух земли – шайтаном, пери, дивана и джином, а идея осталась шаманская» деп тұжырым жасайды (Валиханов, 1985, 49 б.).

«Тәңір сөзімен мағынасы бір «Құдай» атауы уақыт өте келе, Алла сөзімен синоним ретінде қолданыс таба бастады» (Жақыпов, 2022, 47 б.).

Түркітанушы Н.А. Баскаков «Құдай» сөзі тәжік немесе парсы тілінен орта түрік кезеңінде (X-XV ғ.) енді деген болжам жасайды (Баскаков, 1958).

Л. Рүстемов «Құдай» сөзін парсының «ходаи» сөзінің екі түрлі мағынасын көрсетеді: 1. Бог, господь. 2. Властелин, хозяин – рел. Бог, господь (Рүстемов, 1989).

Мұндай пікірді М.Ескеева да қуаттайды: «Due to the fact that the Turks and Persians have long lived in neighbouring regions, the Persian word qudai entered Turkic languages earlier than the Arabic Allah. Its active use in the Kazakh language and abundance of the range of paroemia in which the theonym is involved, as well as its frequent occurrence in folklore led to qudai being relevant up until the X century» (Yeskeyeva, 2021)

1. Қазақ тіліндегі *Құдай жарылқады*, *Құдай бағын ашты*, *Құдай нәсіп етті*, *Құдай оңғарды*, қырғыз тіліндегі *Қудай жалғасын // Құдай жалғасын*, *Қудай қут қылсын // Құдай қут қылсын*, өзбек тіліндегі *Худо берди // Құдай берді*, *Худо ёрлақадиди // Құдай жарылқады*, алтай тіліндегі *Қудайдың кежиги // Құдайдың ырыс, бағы идиомаларында* Құдай пендесін жарылқаушы бейнеде көрінеді.

2. Қазақ тілінде *Құдай рақым қылды*, қарақалпақ тілі *Қудай көз жасын көриу // Құдай көз жасын көру*, қырғыз тілінде *Қудайға үнү жетүү // Құдайға үні жету* Құдайдың рақым қылушы қызметін көрсетеді.

2-кесте

Түркі идиомаларындағы «Құдайдың» бейнесі



3. Пендесін сақтау, қорғау, адамның өзінен туындайтын күнә жасау, қателесу секілді кемшіліктерден де сақтайды. Қазақ тіліндегі *Құдай жар болсын*, әзербайжан тіліндегі *Xudahafiz elətək // Құдай қорғауына алсын*, қазақ тіліндегі *Құдай сақтасын*, қарақалпақ тіліндегі *Құдай сақласын*, өзбек тіліндегі *Худо сақласин*.

4. Болашақты белгілеп, адамдардың тағдырын жазу. Теологиялық сөздікте анықтама беріледі: «Тағдыр – исламдағы иман шарттарының алтыншысы болып табылады. Ол бойынша барлық жақсылық пен жамандық Құдай тарапынан берілген сынақ екендігіне, әрі пенденің өмірі мен әлемдегі құбылыстардың барлығын Жаратушының әлдеқашан жазып қойғандығына сену қажет» (Исахан, 2015, 45 б.).

5. Пендені жарату, өмір беру өзбек тіліндегі *Худо берди*, *Худонинг берган уни*, қазақ тіліндегі *Құдайдың құтты күні* Құдайдың тіршіліктің бастауы екендігі байқалады.

6. Пенделеріне сынақ жіберу туралы өзбек, қазақ тілдеріндегі *Худога нима ёздим // Құдайға не жаздым* идиомасында оның сынақ жіберетіндігін көреміз. Бұл танымды қазақ тіліндегі *Құдайдың/тағдырдың жазғаны*, *Құдайдың салғаны*, қарақалпақ тіліндегі *Құдай салды*, *Құдай*

*салды*, мен көндим өзбек тіліндегі *Худога солдим // Құдайға салдым* идиомасы исламдағы тағдырға бойсұну болғандығын аңғарамыз

7. Идиомаларда Құдайдың ақиқатты, білуші бейнесі айқын көрінеді. Бұл қызмет қазақ тіліндегі *Құдай біледі*, қарақалпақ тіліндегі *Құдай билер*, қырғыз тіліндегі *Құдай билет*, өзбек тіліндегі *Худо билады*, башқұрт тіліндегі *Хозай белһен* идиомаларынан көрінеді.

8. Түркі идиомаларында Құдайдың үкім етуші, яғни соттаушы қызметі де көрінеді, қазақ тіліндегі *Құданың әмірі*, *Құданың үкімі*, алтай тіліндегі *Құдайдың алдына жайнаш // Құдай алдында жалыну*, *Құдайдың жарғысына турар // Құдай сотына түрусекілді* идиомалардан аңғарамыз. Құдай соты ұғымы аталған халықтардың діни танымында ислам және христиан діндерінің ықпалынан пайда болған.

9. Түркі идиомаларында Құдай дуалистік бейнеде сипатталады, адамдарға игіліктер беріп қана қоймай, қаһар төгеді. Қазақ тілінде *Құдай атсын*, *Құдайдың кәрі тиді*, *Құдай ұрсын*, *Өтірікті шындай*, *шынды Құдай ұрғандай*, башқұрт тіліндегі *Хозай һужкан // Құдай соққан*, *Хозайзың каты кәһәре төһһөн // Құдайдың қатты қаһары түссін*, қырғыз тіліндегі *Құдай урсун*,

*Құдай атқыр*, өзбек тіліндегі *Худо урди*, әзербайжан тіліндегі *Xuda'nın qəzəbindən uzaq olasan // Құдайдың азабынан ұзақ боласың, Xudavəndi Aləm belini qırsın // Құдай Тағала белиңді үзсін*, алтай тіліндегі *Құдай қарған койгон // Құдай қарған* секілді идиомалардан көрінеді.

10. Идиомаларда Тәңір мен Құдайға тән соматизмдерді жиі қолданылады. Мұны алтай тіліндегі *Құдайдың қолы коқту // Құдайдың қолы шоқты, Тенгеринин қойны // Тәңірінің қойны*, саха тілінде *Таңара атағын қууға сытар // Тәңір аяғын құшақтап жатар* идиомаларынан көруге болады.

11. Қарақалпақ тілінде *Өзи шер, өзи құдай* немесе *Өзи бий, өзи құдай* секілді идиома кездеседі. Орта ғасырлық «Алтун йаруқ» номында Тәңір теонимі әмірші, мырза» мағынасында қолданылған (Шарапатұлы, 2011).

12. Христиан дінінің ықпалымен саха тілінде *Таңара оҗото // Тәңірдің баласы (аңғал адам)* қалыптасқан. Қазақ тілінде *Құнанын құдайындай, тайын тәңірісіндей көреді*, қарашай-малқар тілінде *Ура турсанг, кьұдай да ёлюр // Ұра*


*берсең, Құдай да өлер, Тейрини тиши бла тутаргъа // Тәңіріні тісімен ұстау* секілді идиомалар бар. Түркі идиомаларында Құдай мен Тәңір теонимдері теріс мәнде де қолданылады, алтай тіліндегі *Құдайға ижензе, қуру артар // Құдайға сенсе, құр қалар* сияқты идиомадан көреміз.

Алла – ислам дінін ұстанатын түркі халықтары тілдерінің идиомалық жүйесінде ең көп кездесетін теоним. Әзербайжан тіліндегі *Allah birdir*, қарашай-малқар тіліндегі *Бир Аллах айтхан болур, Бир Аллах, Аллах бирди*, өзбек тіліндегі *Ёлғиз Аллоҳға аён* сияқты идиомалардан Алланың бірлігін айқындайтын таухид идеясын көреміз. Башқұрт тіліндегі *Илле Алла, кырк мулла менән // Елу Алла қырық молдаменен* деген идиомада «илле» сөзі о баста сан есімді емес, шаһада мәтініндегі *илләхи* сөзінің өзгеруінен туындаса керек.

Христиан дінін ұстанатын гагауыздарда Алла, иудаизм дінін ұстанатын қырымшақ тілінде Алла деп кездеседі. Қазақ тіліндегі идиомаларда Алла атауы Құдай теонимімен синоним ретінде қолданылады.

### 3-сурет

Түркі идиомаларындағы «Алланың» бейнесі



1. Қазақ тілінде: *Алла бағын ашты, Алла жарылқасын, Алла оңғарды*, ноғай тіліндегі *Алла берекет берсин, Алла бактысын ашты, Алла ярлықасын*, башқұрт тіліндегі *Алла бирһә* әзербайжан тіліндегі *Allah bəxtini güldürsün* сияқты идиомалардан Алланың жарылқаушы қызметі көрінеді.

2. Қазақ тіліндегі *Алла нәсіп етсе*, башқұрт тіліндегі *Алла насип иһә*, қарашай-малқар тіліндегі *Аллах берди бишиген аш* секілді идиомалардан Алланың ризықтандырушы қызметтерін көреміз.

3. Қазақ тіліндегі *Алла рақым қылды*, қарақалпақ тіліндегі *Алла рәхмети жаусын*, башқұрт тіліндегі *Алланың рәхмәте киң*, қырым татар тіліндегі *Алла рахмет әйлесин, Алла о бир дюньяда раат этсин* идиомалардан рақымдық, кешіруші қызметін аңғарамыз.

4. Қазақ тілінде *Алла сақтасын, Алла жар болсын, Аллаға аманат*, ноғай тілінде *Алла сакласын, Аллаға аманат*, башқұрт тілінде *Алла һаклаһын*, қырымшақ тілінде *Аллах сахласын*, өзбек тілінде *Аллоғға омонат*, қырым татар тілінде *Аллағға эманет*, әзербайжан тілінде *Allah bətərindən saxlasın, Allah bəlaiardan hiǧz eləsin*. Бұл идиомалар Алланың сақтаушы, қорғаушы, жебеуші сипатымен байланысты қалыптасқан.

5. Қазақ тіліндегі *Алла білер*, ноғай тіліндегі *Алла билсин* секілді бәрін білуші сипатынан туындаған. Қарашай-малқар тіліндегі *Аллахны арағға салып ант әтерге, Аллаһны арағға, қазақ тіліндегі Алланың сүйген құлы*, ноғай тіліндегі *Алладың суйген кулы*, қарашай-малқар тіліндегі *Аллахны суйген кьулу* секілді идиомаларда Алланың сүюші сипаты көрініс тапқан.

6. Қазақ тілінде *Алланың жазған пәрмені, Алланың жазуы, Алланың әмірі*, ноғай тіліндегі *Алла язған Алла аьмир этти* секілді идиомаларда ислам дініндегі Алланың әмірші сипаты негізінде қалыптасқан.

7. Ноғай тілінде *Алла соккан құлдай болып, Алла сокқыр, Алла урғыр, Алла урды*, башқұрт тіліндегі *Алланың кәһәре һукқыры, қырым татар тіліндегі Алла белясыны берсин*, қарашай-малқар тілінде *Аллах урсун, от тәбеси болсун*, әзербайжан тіліндегі *Allah başını batırsın, Allah başını uca eləsin, Allah bəla (bəlasını) versin, Allah cəzasını versin, Allah çarxını çevirsin* Алланың жазалаушы қызметі жиі кездеседі.

8. Қарашай-малқар тілінде *Аллах эки кьолу бла да уругға, Аллаһны кьолундабыз* идиомаларында *Алланың қолы* тіркесі бар. *Аллаһны жаны ауруу* идиомасында Алланы жаны бар адам сияқты суреттесе, қырым татар тіліндегі *Алла Баба*

*копюри, Алла Баба кьушағғы* Алла әке бейнесінде көрінеді. Қарашай-малқар тіліндегі *Аллах кьызгьанмасын, Аллаһ унутхан* идиомаларында адамға тән сипат бар. Мұндай санаулы идиома қарашай-малқар және қырым татар тілдерінде бар.

9. Қырғыз идиомаларында Құдай мен Тәңір теонимдерінің қосарлануынан жасалған нұсқалар да кездеседі: *Қудай-Теңирин тааныбай калуу // Қудай Тәңірін танымай қалу*.

Ғалым Ачкинази иудаизм дінін ұстанатын қырымшақтар тілінде Аданой және Эшем Испорах теонимдерінен жасалған *Адонай версын, Эшем Испорах версын* идиомалар барекенін айтады (Ачкинази, 2019). Аданой теонимі иврит тіліндегі «менің мырзам», ал Эшем Испорах теонимі иврит тіліндегі «есім» сөзінен жасалған деп тұжырымдауға болады.

Алтай тіліндегі идиомаларда *Быркан /Ак-Быркан, Ылген / Кудай, Эрлик-бий / Эрлик-каан, Көрмөс, Курбустан, Алтай-Кудай* секілді теонимдер кездеседі. Мысалы, *Алас, алас, Ак-Быркан, Бырканның алкыжы, Быркан бийдинг бычуузы мындый, Алтай-Кудай качаалазын, Ылген бийдинг үлүзи андый, Ыстиги ороондо Ылген-Кудай, оору-јоболдон айрыгаар*.

Бурхан теонимі тыва тіліндегі идиомаларда да көп ұшырасады: *Бурган хомудатпаан, Бурган хайырлазын, Бурган авыралында, бурган еришээ; Азага кыскаш-даа эвес, Бурганга чула-даа эвес, Чугле бурган башкы билир, Бурган өришээзин*.

Зерттеушілер Бурхан теонимін түркі халықтары ламаизм ағымындағы буддист-моңғолдардан алған деген пікір білдіреді, «моңғол тілінде Бурхан теонимі кез келген құдайды, аруақты атауда қолданылады» (Сағалаев, 1984).

Саха идиомаларында өзге түркі тілдерінде кездеспейтін Айыы теонимі жиі қолданылады. Мысалы, *Айыы кихитэ, Айыы сирэ аһаҕас, Айыы хараххынан көр т.б.* Айыы – сахалардың дәстүрлі діни танымындағы жоғарғы күш иесі. Сахаларда құдайлардың Юрюнг-Айыы, Тойона-Айыы секілді бірнеше теонимдері қатар аталады.

### Нәтижелер және талқылама

Зерттеу нәтижелері түркі тілдеріндегі теонимдер негізінде жасалған идиомалардың діни-танымдық мазмұны терең әрі сан қырлы екендігін көрсетті. Жинақталған материалдар байырғы түркілердің құдайлар пантеоны политеистік сипатта болғанын көрсетеді. Тәңір теонимі қатысқан идиомаларда фразеосеманти-

калық талдау нәтижесінде жарылқаушы, жәрдем беруші, тағдыр белгілеуші, сақтаушы, табиғат құбылыстарын басқарушы, өмір беруші, үкім шығарушы қызметтері көрініс тапқан. Бұл функциялар идиомаларда антропоморфтық сипатта бейнеленіп, Тәңірге адамға тән әрекеттер телінеді.

Сонымен қатар түркі идиомаларында Құдай теонимінің қолданылу аясы кең екені анықталды. Бұл қызметтер ислам дініндегі тағдыр ұғымдарымен және құдайдың ислам парадигмасындағы сипаттарымен тікелей байланысты.

Қазіргі кезде Алла теонимі кеңінен қолданылады, бұл исламдық діни концепциялардың тілдік санада берік орныққанын көрсетеді. Сонымен бірге идиомаларда Тәңір, Құдай және Алла теонимдерінің персонализациясы кеңінен байқалады. Құдай бейнесі кей жағдайда адам бейнесі сияқты соматизмдермен, тұрмыстық әрекеттермен сипатталады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері түркі идиомаларындағы теонимдер халықтың көне діни танымынан бастап ислам, христиан, иудаизм секілді діндердің ықпалына дейінгі дүниетанымдық қабаттарды сақтап қалғанын көрсетті. Идиомалар арқылы түркі халықтарының құдай туралы түсінігі, сакралды әлемді қабылдауы және діни сананың эволюциясы айқын көрініс табады.

### Қорытынды

Зерттеу барысында түркі тілдеріндегі теонимдер негізінде жасалған идиомалар кешенді түрде қарастырылып, олардың тілдік, танымдық және діни-мәдени сипаты айқындалды. Талдау нәтижесінде теонимдер тек діни атау қызметін атқарып қана қоймай, қазіргі түркі халықтарының дүниетанымы мен рухани мәдениетінің маңызды көрсеткіші екені анықталды.

Зерттеу материалы ретінде алынған идиомаларда Тәңір, Құдай, Алла, Бурхан, Айы теонимдерінің қолданылу жиілігі мен семантикалық өрісі әртүрлі болғанымен, олардың барлығы түркі халықтарының діни санасының та-

рихи даму кезеңдерін бейнелейді. Тәңір теонимі негізінен көне түркілік дүниетаныммен, аспан мен табиғат культімен байланысты болғандықтан, әлі күнге дейін қазақ поэзиясында кездеседі. Құдай мен Алла теонимдері ислам дінінің ықпалымен қалыптасқан діни концепцияларды көрсетеді. Бұл құбылыс түркі тілдеріндегі идиомалардың діни синкретизмге негізделгенін дәлелдейді.

Алтай тіліндегі «Тәңір соты» ұғымы өзге түркі идиомаларында кездеспейтін эсхатологиялық ұғымдар, яғни түркі діни танымына ыбырайымдық діндерден ауысты деген пікірдеміз. Алтай тіліндегі бұл идиома православ дініндегі «судный день» ұғымымен байланыста қалыптасқан. Бурхан теонимі алтай және тыва тіліндегі идиомаларда да көп ұшырасады, саха тілінде Айы теонимі жиі қолданылады.

Зерттеу нәтижелері байырғы түркілердің діни танымы бастапқыда политеистік сипатта қалыптасып, кейін тарихи-мәдени үдерістер мен әлемдік діндердің ықпалымен монотеизмге трансформацияланғанын көрсетеді. Тәңір теонимі оғыз тобындағы тілдерде сирек, қыпшақ тобындағы тілдерде Алла, Құдай теонимдерімен қатар қолданылады Оның ішінде 300-дей жиналған идиомалардан теріп, теонимдерге бейнелік, танымдық семантикалық талдау жасалды және фразеосемантикалық өрісіндегі компонент-доминанттарға сипаттама берілді. Идиомалардағы діни танымның мәдени кодтары айқындалып, ерекшеліктері тұжырымдалды. Нәтижесінде түркілердің діни танымы политеистік негізде қалыптасып, дамығандығы анықталды.

### Авторлар үлесі

Қортабаева Гүлжамал Қыдырбайқызы: тұжырымдама жасау, әдістеме әзірлеу, зерттеу жүргізу, мақаланың бастапқы нұсқасын жазу, мәтіннің соңғы нұсқасын редакциялау.

Тұрсын Ерасыл Қалмұратұлы: деректерді өңдеу, формалды талдау.

Сапашев Ораз Сапашұлы: сыни шолу, пікір білдіру, дереккөздермен мазмұнын толықтыру.

### Әдебиеттер

- Bosworth, C. & Asimov, M. (1998). *History of civilizations of Central Asia*. UNESCO Publishing.  
 David, C. A. (2008). *Dictionary of Linguistics and Phonetics*. Wiley-Blackwell.  
 Dobrovolski, D. & Piirainen, E. (2010). *Idioms: motivation and etymology*. Walter de Gruyter.  
 Mircea, E. (2004). *Shamanism: Archaic Techniques of Ecstasy*. Princeton University Press.  
 Waldemar, J. (1933). *The Yakut*. The American museum of Natural history.

- Yeskeeva, M., & Kortabayeva, G. (2021). The idea of “Tengrism” in Turkic proverbs. *Eurasian Journal of Religious Studies*, 27(3), 42–49. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2021.v27.i3.r5>
- Ачкинази, Ш., Миреев В., Казаченко Б. (2019). *Крымчакская лексикография, грамматика и фразеология*. АРИАЛ.
- Баскаков, Н. (1958). *Алтайский язык: введение в изучение алтайского языка и его диалектов*. Издательство АН СССР.
- Валиханов, Ч. (1985). *Собрание сочинений в пяти томах*. Том 4. Главная редакция Казахской советской энциклопедии.
- Дыбо, А. (2007). *Лингвистические контакты ранних тюрков. Лексический фонд: пратюркский период*. Вост. лит.
- Ескеева, М. (2007). *Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі*. Арыс.
- Жақыпов, Ж.А. & Кәрібай, Қ.С. (2022). Діни дастандардағы теонимдер. *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы*, 4(141), 43-54. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-141-4-43-54>
- Исахан, М., Муслимов, М., Көкенай, С., Сыдыков, Б. (2015). *Исламдық терминдер сөздігі*. Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы.
- Қашқари, М. (2017). *Түрік сөздігі*. 3-том (аударған А. Егеубай). Арда.
- Рустемов, Л. (1989). *Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов*. Мектеп.
- Сағалаев, А. (1984). *Мифология и верования алтайцев*. Наука.
- Сапашев, О. (2020). Принципы представления картины мира у народов Центральной Азии. *Серия Востоковедение*, 4(95). 70-81.
- Хисамитдинова, Ф. Г. (2019). *Словарь башкирской мифологии*. Книга.
- Шарапатұлы, Ш. (2011). *Түркі лексикасының семантикалық деривациясы*. Монография. Кантана-пресс.

## References

- Bosworth, C. & Asimov, M. (1998). *History of civilizations of Central Asia*. UNESCO Publishing.
- David, C. A (2008). *Dictionary of Linguistics and Phonetics*. Wiley-Blackwell.
- Dobrovol'skij, D. & Piirainen, E. (2010). *Idioms: motivation and etymology*. Walter de Gruyter.
- Mircea, E. (2004). *Shamanism: Archaic Techniques of Ecstasy*. Princeton University Press.
- Waldemar, J. (1933). *The Yakut*. The American museum of Natural history.
- Yeskeeva, M., & Kortabayeva, G. (2021). The idea of “Tengrism” in Turkic proverbs. *Eurasian Journal of Religious Studies*, 27(3), 42–49. <https://doi.org/10.26577/EJRS.2021.v27.i3.r5>
- Achkinazi, Sh., Mireev V., Kazachenko, B. (2019). *Krymchakskaya leksikografiya, grammatika i frazeologiya*. [Krymchak lexicography, grammar and phraseology]. АРИАЛ. (in Russian)
- Baskakov, N. (1958). *Altajskij yazyk: vvedenie v izuchenie altajskogo yazyka i ego dialektov*. [Altai language: an introduction to the study of the Altai language and its dialects]. Izdatel'stvo AN SSSR. (in Russian)
- Valihanov, CH. (1985). *Sobranie sochinenij v pyati tomah*. Том 4. [Collected works in five volumes. Volume 4]. Glavnaya redakciya Kazahskoj sovetskoj enciklopedii. (in Russian)
- Dybo, A. (2007). *Lingvicheskie kontakty rannih tyurkov. Leksicheskiy fond: pratyurkskiy period*. [Linguistic contacts of the early Turks. Lexical fund: The Proto-Turkic period]. Vost. lit. (in Russian)
- Eskeeva, M. (2007). *Kone turki zhane kazirgi kypshak tilderining monosillabtyk negizi*. [Monosyllabic basis of the ancient Turkic and modern Kipchak languages]. Arys. (in Kazakh)
- Zhakyrov, Zh.A. & Karibai, S. (2022). Dini dastandardagy teonimder. [Theonyms in religious epics]. *L.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyk universitetining habarshysy. Filologiya seriyasy*, 4(141), 43-54. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-141-4-43-54>. (in Kazakh)
- Isahan M., Muslimov, M., Kokenai, S., Sydykov, B. (2015). *Islamdyk terimder sozdigi*. [Dictionary of Islamic terms]. Din maseleleri zhonindegi gylimi-zertteu zhane taldau ortalygy. (in Kazakh).
- Kashkari, M. (2017). *Turik sozdigi*. 3-tom (aud. A. Egeubai) [Turkish dictionary. Volume 3. (transl. A. Egay)]. Arda. (in Kazakh).
- Rustemov, L. (1989). *Kazahsko-russkiy tolkovyy slovar' arabsko-iranskiy zaimstvovannykh slov*. [Kazakh-Russian explanatory dictionary of Arabic-Iranian loan words]. Mektep. (in Russian)
- Sagalaev, A. (1984). *Mifologiya i verovaniya altajcev*. [Mythology and beliefs of the Altaians]. Nauka. (in Russian)
- Sapashev, O. (2020). Principy predstavleniya kartiny mira u narodov Central'noj Azii. [Principles of representing the worldview of the peoples of Central Asia]. *Seriya Vostokovedenie*, 4(95). 70-81. (in Russian)
- Hisamitdinova, F. G. (2019). *Slovar' bashkirskoj mifologii*. [Dictionary of Bashkir mythology]. Kitap. (in Russian).
- Sharapatuly, Sh. (2011). *Turki leksikasynyn semantikalik derivatsiyasy*. Monografiya. [Semantic derivation of Turkic vocabulary. Monograph]. Kantana-press. (in Kazakh).

### Авторлар туралы мәлімет:

Қортабаева Гүлжамал Қыдырбайқызы (корреспондент-автор) – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультеті түркітану және тіл теориясы кафедрасының аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: [turki\\_alemi@mail.ru](mailto:turki_alemi@mail.ru)).

Тұрсын Ерасыл Қалмұратұлы – гуманитарлық ғылымдар магистрі, № 221 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі (Алматы, Қазақстан, e-mail: [bayata\\_yerassyl@mail.ru](mailto:bayata_yerassyl@mail.ru)).

Сапашев Ораз Сапашұлы – PhD, Стамбул университеті әдебиет факультеті қазіргі түркі тілдері мен әдебиеттері бөлімінің оқытушысы (Стамбул, Түркия. e-mail: [sapashevo@gmail.com](mailto:sapashevo@gmail.com)).

**Information about the authors:**

*Kortabayeva, Gulzhamal Kydyrbaevna (corresponding author) – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer at the Department of Turkology and Language Theory of the Faculty of Philology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: turki\_alemi@mail.ru).*

*Tursyn, Yerasyr Kalmuratuly – Master of Humanities, Teacher of Kazakh Language and Literature at 221 Secondary School (Almaty, Kazakhstan, e-mail: bayata\_yerassyl@mail.ru).*

*Sapashev Oraz Sapashuly – PhD, Lecturer of the Department of Modern Turkic Languages and Literatures of the Faculty of Literature, Istanbul University (Istanbul, Turkey, e-mail: sapashevo@gmail.com).*

**Сведения об авторах:**

*Кортабаева Гүлжамал Кыдырбаевна (автор-корреспондент) – кандидат филол. наук, старший преподаватель кафедры тюркологии и теории языка филологического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: turki\_alemi@mail.ru).*

*Турсын Ерасыл Калмуратович – магистр гуманитарных наук, учитель казахского языка и литературы общеобразовательной школы № 221 (Алматы, Казахстан, e-mail: bayata\_yerassyl@mail.ru).*

*Сапашев Ораз Сапашұлы – PhD, преподаватель отделения современных тюркских языков и литератур факультета литературы Стамбульского университета (Стамбул, Турция, e-mail: sapashevo@gmail.com).*

2024 жылы 27 сәуірде тіркелді.  
2026 жылы 18 ақпанда қабылданды.